

Сабақтың тақырыбы: **Компьютерді пайдаланудың кері аспектілері**

Бөлім	
Педагогтың аты-жөні	«Балдәурен» РОСО филиалы Давидов И.У
Күні	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сынып	
Сабақтың тақырыбы	Компьютерді пайдаланудың кері аспектілері
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	8.4.1.1 адам ағзасына түрлі электронды құрылғылардың әсері туралы мысал келтіру және қорғану тәсілдерін тиімді қолдану
Сабақтың мақсаты	<p>Көпшілік: өздерін кабинетте ұстау, қауіпті жағдайларда көмек көрсете білу қабілеттерін дамытады.</p> <p>Басым бөлігі: Әртүрлі пішімдегі мұрағаттарды құру және мұрағаттан шығару.</p> <p>Кейбір оқушы: Ақпараттың көлемін есептей алады.</p>

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әректі	Бағалау	Ресурстар
1. Ұйымдастыру	Психологиялық ахуал орналастыру. Топқа біріктіру. Кабинетке билет арқылы кіру. Билетке ақпараттың көлемі және типі жазылады.		Стикер	Акт
2. Өткен тақырыпты еске түсіру\ қайталау\	Бағалау парағы таратылады. Жетелеу сұрақтарын қоя отырып тақырыпты ашу. Сабақтың мақсатын қою. (файлдардың көлемін есептеп, салыстыра алады). Компьютерлік желілердің негізгі ұғымдары. Жергілікті желі. Ауқымды компьютерлік желі.	Амандасу. Жіберілген видео немес презентация болса соны ашып танысу .Тапсырма	лермен Электрондық журналмен бағалау	Кітап Дәптер Стикерлер Арнайы платфо рмалар
3. Жаңа сабақты меңгерту	Электр тогымен зақымданғанда көмек көрсету: 1. Токты ажырату (тарату тақтасындағы тумблерді өшіру)	ларды белгіді бір уақытқа дейін орындау		

<p>4. Бекіту</p>	<p>2. Зақымданған адамды электр тогының әсерінен электр тогын өткізбейтін қол астындағы материалдарды пайдаланып босату</p> <p>3. Зақымданған адамды қарап шығып, оған зардабының ауырлығына байланысты көмек көрсету</p> <p>4. Дәрігерді шақыру (мектептің медпунктінен, 03 жедел жәрдем телефоны бойынша немесе жақын жердегі емдеу мекемесінен) керек.</p> <p><i>Күйген кезде көмек көрсету</i></p> <p>Адам күйікке шалынған жағдайда:</p> <p>1. Ауырғанды басатын, тыныштандыратын дәрі (анальгин, валерьянка) беру керек.</p> <p>2. Күйген жерге дәрі (винилин) жағу керек.</p> <p>3. Күйген жараның бетіне микроб түспейтіндей етіп, алдымен целлофанмен орап алып, суық суда ұстау керек.</p> <p>4. Дәрігерді (мектептегі медпункттен, 03 жәрдем телефоны бойынша немесе жақын жердегі емдеу мекемесінен) шақырту керек.</p> <p><i>Талып қалғандағы көмек көрсету</i></p> <p>Адам талып қалған жағдайда:</p> <p>1. Талып қалған адамды тегіс жерге шалқасынан, басын солға бұрып жатқызу керек.</p> <p>2. Дәрігерді (мектептегі медпункттен, 03 жәрдем телефоны бойынша немесе жақын жердегі емдеу мекемесінен) шақырту керек.</p> <p><i>Тынысы тоқтап қалғандығы көмек көрсету</i></p>			
------------------	---	--	--	--

Адамның тынысы тоқтап қалған жағдайда:

1. Адамның аузын ашып тілін көру керек, егер тілі көмекейіне қарай түсіп кетсе – қолмен тартып шығарып қалыпты орнына келтіру керек;
2. Дәрігерді (мектептегі медпункттен, 03 жәрдем телефоны бойынша немесе жақын жердегі емдеу мекемесінен) шақырту керек.
3. Тыныс алуы қалпына келгенше немесе дәрігер келгенге дейін жасанды түрде тыныс алдырту (ауызды ауызға тақап) жасау керек.

шетел мамандарымен бірігіп өткізілген зерттеулер нәтижелеріне сүйенетін болсақ, онда электромагниттік өрістердің әсерінен жүздеген ауру түрлерінің жаппай таралуы анықталып, қалаларда өзіне қол жұмсау фактілері көптеп тіркелген. Себебі, электромагниттік өрістер адамның ми құрылысына өте қатты әсер ете отырып, дұрыс ойлау, есте сақтау қасиеттерін бірден бұзады. Электр құрылғыларының электромагниттік сәуле шығарудың өзіндік қалыптасқан нормалары бар (1-кесте).

1-кесте. Электромагниттік сәуле шығару нормасы

Электромагниттік толқындар шығарушы көздер	Сәуле шығару көрсеткіші (мкВт/м ²)	Қалыптан тыс
Компьютер	1-100	5-500
Мобильді телефон	40	200
Тоңазытқыш	1	5
Электр шайнек	10	50
Микротолқынды пеш	8-100	40-500
Фен	15-17	75-85
Трамвай және троллейбус	150	750
Метро	300	1500

Компьютердің электромагниттік толқындардың адам ағзасына тигізетін әсері өте көп.

Негізінен, компьютердің алдында отырып, жұмыс істейтіндердің шағымданатын сырқат белгілері екі топқа бөлінеді:

1. Көздің көру қабілетінің нашарлауы.

2. Бастың желке тұсының (қарақұсының), мойын мен иық, жауырын, білектің ауыруы. Көру қабілетінің нашарлауы оның бұлдырап, анық көрмеуі, өзіне түскен салмақтан күйген тәрізді ашып, қызаруы. Мамандар оны компьютерлік көру қабілетінің синдромы деп атайды. Дәрігерлердің айтуынша, компьютерлік көру қабілетінің синдромдары уақытша рефракцияның нашарлауына немесе күшеюіне, аккомодация көлемінің кішіреюіне, қарама-қарсылық сезімталдығының, сезіну қабілетінің әлсіреуіне әкеліп соқтырады.

Компьютерден таралатын электромагниттік толқындардың адам ағзасына залалы, тигізетін зиянды факторлары мынадай:

- көздің көру қабілетін төмендетеді;
- омыртқалардың қисаяуына әкеледі;



	Зерттеу тақырыптары	Зерттеу сұрақтары мен бағыттары
1	Компьютердің адам денсаулығына әсері	Компьютердің адам ағзасына әсері бар ма? Компьютер алдында қанша уақыт отыруға болады? Компьютердің адам ағзасына жағымсыз әсерін қалай төмендетуге болады?
2	Компьютерлік ойындарды ойнау пайдалы ма, зиянды ма?	Компьютер ойындарын ойнаудың оқушы ағзасына қандай әсері бар? Ойын ойнауда компьютердің зиянды әсерін төмендетудің қандай жолдары бар?
3	Күнделікті қолданыстағы электр құрылғыларының ағзаға әсері	Электрманиттік сәулелердің ағзаға қандай әсері бар? Қолданыстағы электр құрылғылары қаншалықты ағзаға қауіпті? Электр құрылғыларының адам ағзасына жағымсыз әсерін қалай төмендетуге болады?

Топтық жұмыс.

1 топ- ақпараттың өлшем бірліктерін зерттейді

2 топ-есептеу жолдарын есептейді

3 топ – мәтіннен үстеулерді теріп алу, сөйлем құрастыру

2 топ – кесте бойынша мәтіннен сөз тіркестерін теріп жазу

4 топ – диалог құрастыру – кластер жасау

Қорытындылау. Біз не үйрендік? Сұрақ-жауап.

Дескрипторларды интербелсенді тақтамен көрсету.

Білемін	Білдім	Білгім келеді

Оқушыны мадақтау. Үй жұмысын беру.

Сабақ аяқталды. Сау болыңдар!